

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ

«Қазгидромет» РМК



Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №26 (Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)

«10» маусымға 2022 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «09» маусым күні 21 сағаттан «10» маусым күні 21 сағ. дейін 2022 ж.)

құрастырылған уақыты: 09.06.2022 ж.

Мекен жайы : Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Ботаева М.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Молдағалиева А.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-64-87	e-mail: seli@meteo.kz

**2022 жылғы «10» маусымға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

Іле Алатау	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-2,0 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыс желі 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 22-27 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 15-20 градус жылы.
Күнгей Алатау	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-2,0 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыс желі 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 23-28 градус жылы.
Теріскей Алатау	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-2,0 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыс желі 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 21-26 градус жылы.
Жетісу Алатау	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-2,0 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыс желі 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 22-27 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 15-20 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с күтіледі. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 22-27 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с күтіледі. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 22-27 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Таңертең және күндіз өткінші жаңбыр (0,0-9,0 мм), найзағай, дауыл. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14 күндіз 19-24 градус жылы.
Өгем жотасы	Таңертең және күндіз өткінші жаңбыр (0,0-3,0 мм), найзағай, дауыл. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 24-29 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Кей жерлерде аздаған жаңбыр, найзағай. Күндіз кей жерлерде шаңды дауыл. Жел солтүстік-шығыстан, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 19-24, күндіз 26-31 жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 25-30 жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 10, күндіз 28-33, кей жерлерде 36 жылы.
Қазақстандық Алтай	Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 10, күндіз 28-33, кей жерлерде 36 жылы.

2022 жылғы 09 маусымдағы жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің шамалы ауытқуы байқалды. Бір тәулік ішінде кейбір өзендерде су деңгейі көтерілді Үлкен Алматы өзені – Үлкен Алматы көлінен 1,1 км жоғары орналасқан бекетінде және Қаскелең өзені – Қаскелең бекетінде су деңгейінің 2 см-ге, Түрген өзені – Түрген бекетінде 4 см-ге көтерілу байқалды. Үлкен Алматы көлі – Көлдің солтүстік жағалауындағы ГБ-інде су деңгейі 54 см-ге төмендеді. Таулардағы температуралық фон 8°C-21°C-қа дейінгі жылу диапазонында сақталады. Нөлдік изотерма теңіз деңгейінен 3585 м биіктікте орналасқан.

Тарихи анықтама

1887 жылғы 9 маусымда (28 мамырда) эпицентрінде қарқындылығы 9-10 балл болатын жер сілкінісі болды. Ресейлік ғалым-геолог И.В. Мушкетовтың (1850-1902 жж.) деректері бойынша Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі ірі және үздіксіз қираулар Қотырбұлақ және Ақсай өзендерінің аңғарларының арасында болған. Кейбіреулері сел тасқынына айналған ірі құламалардың мен сырғымалардың таралу аймағы орта таулы және төмен таулы аймақтар болды. Ең ірі құламалар (Ақжар және Көкшоқы) Ақсай және Үлкен Алматы өзендерінің алаптарында орын алды; Құлама массасының жалпы көлемі шамамен 50 млн м³ құрады. Ең үлкен өлшемдегі сырғымалар Тік Сай өзені аңғарында орын алды; Жылжытылған жыныстардың жалпы көлемі 126 млн м³ құрады.

Проходная өзенінің аңғарында да үлкен оқиға болды. Проходная өзенінің аңғарының соңғы бөлігінде жер асты суларынан жиналған ежелгі морена болды. Жер сілкінісінің нәтижесінде моренаның жұқаруы орын алып, ол "ерекше жылдамдықпен" Үлкен Алматы өзенінің аңғарына шығып тоқтады: "... қалыңдығы 60 м-ге дейін жетті, ол шатқалды ені 300 м-ге дейін және ұзындығы бойынша 3 верстке дейін толығымен басып қалды ... Тіпті тамыз айында да аса ірі жарықтар мен тегіс емес болғандықтан ол жерден әлі де өте алмайтын... оның құрамына граниттің үлкен тастары кірді ... оның массасы кемінде 54 млн м³". Құламалар, сырғымалар мен селдер массаларының жалпы көлемі шамамен 440 млн м³ құрады.

**Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер
2022 ж. "09" маусымға**

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м ³ /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лай- лылық
				Макс. 08.06	Мин. 09.06	08 сағ. 09.06	Күн. 08.06	Түн. 09.06	Орт. 08.06	08 сағ. 09.06	Орт. 08.06	Макс. 08.06	08 сағ. 09.06		
1	К. Алматы	Мыңжылқы М	3017	13.2	5.8									*	*
2	К. Алматы	Мыңжылқы ГБ	3017			8.0			258	256				0	*
3	К. Алматы	Тұйықсу а. ГБ	2466			12.0			608	608	0.94	0.94	0.94	0	*
4	К. Алматы	Шымбұлақ М	2200	20.7	11.6									*	*
5	К. Алматы	Сарысай ГБ	1928			15.0			260	260	1.02	1.02	1.02	0	*
6	К. Алматы	Медеу ГБ	1700			17.0			103	101				0	*
7	Батарейка	Просвещенец ГБ	1569			17.0			57	57				0	*
8	К. Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			15.0			189	188	1.48	1.59	1.37	0	*
9	Бұтақ	Бұтақ ГБ	1475			20.0			250	249				-1	*
10	Ү. Алматы	көл. 1.1 км жоғарыдағы ГБ	2654			12.0			308	308	1.31	1.64	1.28	+2	*
11	Ү. Алматы	Проходной ө. 2 км жоғарыдағы ГБ	1471			18.0			267	265				-4	*
12	Кұмбел	Устье ГБ	2150			17.0			66	66				0	*
13	Проходная	Устье ГБ	1422			20.0			282	281	1.95	2.05	1.84	0	*
14	Терісбұтақ	Устье ГБ	1362			18.0			215	215	1.08	1.08	1.08	0	*
15	Қаскелең	Қаскелең ГБ	1133			21.0			282	281	4.94	5.53	4.75	+2	*
16	Түрген	Таутүрген ГБ	1054			20.0			110	115	7.06	8.90	8.90	+4	*
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			19.0			204	203				-2	*
18	Талғар	Талғар ГБ	1199			19.0			309	310				0	*
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауында ГБ	2500	17.2	6.3				-259	-257				-54	*

Ескертпе:

* - деректер жоқ

**Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру
«10» маусымға 2022 ж.**

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Солтүстік экспозиция беткейлерінде маусымдық қар сызығы 3200 м биіктікте, солтүстік-шығыс экспозиция беткейлерінде - 3300 м биіктікте орналасқан. Күндіз 2000 м биіктікте ауа температурасы 21-28 ⁰ С, 3000 м биіктікте- 15-20 ⁰ С аралығында болады. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Орта таулы аймағында топырақтың ылғалдануы алдындағыдай жоғары. Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-12,0 мм), найзағай. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді.
	Күнгеі Алатауы	
	Теріскей Алатау	
	Жетісу Алатауы	
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Күндіз ауа температурасы 22-27 ⁰ С аралығында болады. Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай, бұршақ. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Күндіз ауа температурасы Талас Алатауында (Түркістан облысы аумағында) 19-24 ⁰ С, Өгем жотасы аумағында 24-29 ⁰ С аралығында болады. Таңертең және күндіз өткінші жаңбыр (0,0-9,0 мм), найзағай. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Күндіз ауа температурасы 26-31 ⁰ С. Кей жерлерде аздаған жаңбыр, найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс	Тарбағатай	Күндіз ауа температурасы 28-33 ⁰ С аралығында, кей жерлерде 36 ⁰ С дейін жетеді. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Сауыр	

Қазақстан	Қазақстандық Алтай	жетеді. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
------------------	---------------------------	---

* Сел болжамы үшін қажетті ақпараттың шынайылығының артуына қарай кеңес берулер сел қауіптілігінің деңгейі туралы мәліметтерді қамтитын болжамдармен алмастырылады (Мысалы Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің алаптары үшін).

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда өзін-өзі ұстау ережесін сақтау (6 Қосымша).

Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің алаптары үшін сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Сел үдерісінің даму ықтималдылығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығының жоғары мәндері</p>	<p>Негізгі өзен аңғарында сел үдерісінің даму ықтималдылығының жоғары болуы және негізінен таудан шыға берісте сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында және таулардан шыға берісте орналасқан халық пен шаруашылық объектілері үшін үлкен қауіп</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, жауын-шашын қарқындылығының олардың ұзақтығы салыстырмалы түрде төмен болған кездегі жоғары мәндері</p>	<p>Селдің негізгі өзен аңғарына шығу ықтималдығы жоғары және онда сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне қауіптілік</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығы салыстырмалы түрде төмен</p>	<p>Селдің пайда болу ықтималдығы шамалы</p>	<p>Сел пайда болу аймағындағы адамдар үшін қауіптілік</p>	<p>Сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы</p>	<p>Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	<p>Сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>

Сел қауіптілігінің белгілері және сел қауіптілігі бар аймақта өзін-өзі ұстау ережелері

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін, ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел тасқынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Күшті жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қаупінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қаупі бар аймақта өзін-өзі ұстау ережелері

- ✓ Өзен арнасына, құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.